

«Dariya» балабақшасы

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

31.08.2024

Қатысқандар: 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. Іс-әрекеттердің дағды бойынша кіріктірілуін талдау
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу
4. Баяндама «Жаңа бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны »

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы, әдіскер, тәрбиешілер, кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып **2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы** болып Бөріке Г. Сайлауды ұсынды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша **әдіскері Жакупова Г.З. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хаттың** осы жылғы өзгерістеріне тоқталудан бастады. Нұсқау хатта білім беру жүйесіне 7 бағыттар берілгендігін оны жүзеге асыру шараларын атай кетті. Онымен қатар басты назарда тәрбиелеу мен білім беру, оқытуды дамыту модельін іске асыру аясында жұмыс жасайтығымызды айтып өтті. Бұл модель бойынша бірнеше бағыттарды атап өтті.

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс
3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
4. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.

Білім беру дағдыларын кіріктіру, ойын арқылы оқыту, қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстарын жасау және т.б. қағидаттарды айтты. Әдіскер жылдық жоспардың бөлімімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. **2024-2025 оқу жылына «Сахналау арқылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіру».** Сонымен қатар оқу жылына 5 педагогикалық кеңс, 3 әдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жылы барысында тақырыптық іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды.

өз алды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Тыңдалды :

Әдіскер Жакупова Г.З. 2024-2025 оқу жылына құралған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 14 Қазан күні бекітілген №422 бұйрығына қосымшасында көрсетілген сағат саны мен Перспективалық жоспар құру туралы айтып өтті. Сонымен қатар 5 сала орнына 5 дағды бойынша жұмыс жүргізілетінін айтты.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

4 Тыңдалды :

«Айналайын» тобының тәрбиешісі «Жаңа бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндама оқыды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ: Педагог шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі? Ықтимал себептері :

- оқудағы олқылықтарды анықтау үшін; балалардың ойларын бағыттау үшін;
- Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін.
2. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
3. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, іс-әрекеттің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы: **Жакупова Г.З.**

Хатшы: **Бөрікес Г.**





«Дағуа» балабақшасы
№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қазан .2024

Қатысқандар: 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Дәстүрден тыс сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.
2. Мастер – класс: «Дәстүрден тыс сурет салу түрлері.»
3. Балалардың ұсақ қол моторикасы бойынша жүргізілген жұмысты жедел бақылау қорытындысы.

Сөз алды:

Балабақша менгерушісі сөз алып өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуын айтып өтті. Барлық топ тәрбиешілері перспективалық жоспарлары және циклограмманы көрсетілген мерзімде жасап, бекітісін.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша балабақша «Достық» тәрбиешісі Бөріліке Г. «Дәстүрден тыс сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды. Балаларға сурет салудың пайдасы өте көп, оны мынадай бағыттар бойынша қарастыруға болады, деңі өз сөзінде баяндамашы. Сурет салу балалардың шығармашылық ойлауын дамытады, олар өз идеялары мен сенімдерін визуалды түрде білдіре алады. Сурет салу арқылы баланың ұсақ қол моторикасы дамиды, қол мен көздің координациясы дамиды. Сурет салу арқылы балалар өз эмоцияларын, сезімдерін шығаруға мүмкіндік алады. Дәстүрден тыс сурет салу шығармашылық дамудың тамаша тәсілі. Сонымен қатар баяндамашы педагогтерді дәстүрден тыс сурет салу техникалары мен де таныстырып өтті. Олар «спрей бояулар», «коллаж», «табиғи материалдар».

Сөз алды:

Келесі кезекте «Айналайын» тобының тәрбиешісі Усербаева А. педагогтерге дәстүрден тыс сурет салу бойынша мастер – класс көрсетті.

• Жіпшен сурет салу

Ақ қағаз бетіне жіптер қатар – қатар қойылады, жіптердің үстіне әртүрлі бояулар жағылады. Таяқшаның көмегімен жіптер төмен қарай тартылады. Нәтижесінде әдемі сурет шығады.

• Тұздың көмегімен сурет салу.

Дайын көбелектің сұлбасына желім жағылады, үстіне тұз себіледі, тұз аздап кепкен соң үстіне әртүрлі бояулар жағылады. Өте әдемі көбелек шықты.

Сөз алды:

Келесі сұрақ бойынша балабақша менгерушісі Жакупова Г.З. сөз алды. Балабақша менгерушісі өз сөзінде балабақша ұжымын балалардың ұсақ қол моторикасы бойынша жүргізілген жедел бақылау жұмысының анықтамасымен таныстырды. Балабақшада саусақ ойыны – бұл үлкен мәні бар ойын түрі. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең – тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Бұл ойын арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Қазан айындағы жедел бақылау барысында тәрбиешілер алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мисалы: «Болашақ» тобындағы «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын аласақ, мұнда бас бармақ үшін әр саусақтың ұшымен кезектесіп түйіседі.

«Айналайын» тобында «Адамдар келеді» ойыны ойналды. Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаны саусақтарын жүтірген тәрізді етіп қимылдатты. Сонымен қатар, халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойыны да «Ерестай» және «Достық» топтарының балаларының саусақтарының изік қимылын жетілдіруге бағытталды. Балалар қызға айтатындығын байқалдым. Мисалы: «Моншақ»

Қызыл – сары, көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнеледі. Әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет. Әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Қаулы:

1. Дәстүрден тыс сурет салтузу арқылыбалалардың шығармашылық қабілеті дамытылсын.
2. Ұсақ қол моторикасымен жұмыс әрі қарай жалғандырылсын.

Торайым *Жайкүлова* Г.З.

Хатшы *Балайғаев* Г.



«Darıya» балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Дастүрден тыс сурет салу
арқылы балалардың шығармашылық
қабілетін арттыру»

«Достық» ересек тобы
Тәрбиеші: Бөріке Г.Ж.

Түздыбастау 2024ж



«Дағуа» балабақшасы
№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қаңтар .2025 ж.

Қатысқандар: 6
КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.
2. . 1 жарты жылдықтың аралық мониторинг қорытындысы.
3. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
4. Балабақшадағы жарты жылдық есебі.

Сөз алды:

Бірінші сұрақ бойынша өткен педкеңес шешіміне менгеруші Жакупова Г.З. сөз алып, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде келесі дәстүрден тыс техникалар жүйелі түрде қолданылды, деді.

- Орта топта – саусақпен сурет салу, алақанмен бастыру;
- Ересек топта – қияскография, батик(матаға салу)
- Мектепалды дарлық топта – тұз бен манка жармасын қолдану, су бетіне сурет салу.

Нәтижесінде балалардың сурет салуға деген сенімділіктері артты. Түрлі материалдармен жұмыс істеу барысында балалардың қол бұлшық еттері мен көз үйлесімділігі айтарлықтай жетілді, деді менгеруші.

Сөз алды:

Келесі кезекте ата тәрбиешісі А.Усербаева сөз алды. Мониторинг мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес 5 даму сатысы бойынша жүргізілді. Балалардың мәдени – гигиеналық дағдылары мен қимыл – қозғалыс белсенділігі сәйкес деңгейде. Тілдік қор, байланыстырып сөйлеу жақсы деңгейде, бірақ кейбір балаларда дыбыстарды дұрыс айтып беру мәселесі бар. Сенсорлық эталондарды, пішіндер мен түстерді, көлемдерді ажырату жоғары деңгейде, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру жақсы қалыптасқан, деді А.Усербаева.

Тыңдалды:

Педкеңестің келесі сұраты бойынша тәрбиешісі А.Алиева «Қиын отбасындағы бала психологиясы», «эмоционалдық тұрақсыздық», «әлеуметтік ортадағы қарым – қатынас» туралы. Қиын отбасындағы бала психологиясы ерекше назар мен қамқорлықты талап етеді, деді баяндамашы.

Сөз алды:

Балабақша менгерушісі сөз алып, пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан – жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі - қиындардың түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен қатар бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне көміл сену қажеттілігін де деп. Қиын отбасындағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдер айтып өтті.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Жақупова І. Балабақшаның жарты жылдық есеі бойынша атқарылған жұмыстар, өткізілген ертенгіліктер, жиналыстар, ата – аналармен жұмыстар толығымен баяндала берді.

Қаулы:

1. Ата – ана мен баланың қарым – қатынасындағы қаталдық көріністерін бақылау тәрбиесінде жүктелсін.
2. Оқу іс – әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтер озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырсын.

Төрайым: **І.З.Жақупова**

Хатшы: **Б.Ә.Әліева**



«Dariya» балабақшасы

**Педагогикалық кеңес
БАЯНДАМА**

**«Қиын отбасындағы бала психологиясы»
2024-2025 оқу жылы
15 қаңтар**

Педагог-психолог: Сыдыкова М.О

Тұздыбастау ауылы



**«Дарға» балабақшасы
Педагогикалық кеңес
№4 хаттамасы**

Наурыз 2025 ж

Қатысқандар: 5

КҮН ТӘРТІБЫНДЕ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Бағдарлама: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау технологиясы» балалардың танымдық белсенділігін арттыру құралы.
3. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
4. Психологиялық тренинг «Телефон»

Сөз алды:

Мәз педагогикалық кеңес отырысының қаулысының орындалуы туралы балабақша меңгерушісі айтып өтті. Тәрбиеші тарапынан бақылау жұмыстары толықтай орындалды. Балалардың жағдайына күнделікті мониторинг жүргізілді, балалардың денесінде көтерулер, жарақаттар, ата – ананың балаға дөрекі сөйлеуі байқалмады.

Тыңдалды:

Педагогический комитет сұрағы бойынша «Еркетай» тобының тәрбиешісі Шамишева А. «Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау технологиясы» тақырыбында баяндама жасады. Ол жобалау технологиясының түрлеріне, кезеңдеріне және бұл әдістің баланың өздігінен шешім қабылдау дағдысын дамытудағы рөліне тоқтады.

Сөз алды:

«Болашак» тобының тәрбиешісі А.Алиева жобалау технологиясын орта топта қолданудың ерекшеліктері туралы сұрақ қойды.
Әдіскер жауабы: Орта топта жобаның негізгі рөлін тәрбиеші мен ата – ана атқаратынын, ал балалар орындаушы әрі бақылаушы болатынын түсіндірді.

Сөз алды:

Балабақша медбикесі Камаева Н. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тақырыбында кеңес берді. Ол өз сөзінде ата – аналармен бірігесе отырып баланың иммунитетін көтеру жұмыстарын күшейту қажеттілігін айтты.

Сөз алды:


«Айналайын» тобының тәрбиешісі А.Усербасева өз тобында балалардың денсаулығын сақтау үшін «музыка терапия» және «құм терапиясын» сәтті қолданып жүргенін мысалға келтірді.

«Dartu» балабақшасы

Баяндама

Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау технологиясы
Тәрбиеші: Шамишева А.А.

2025 жыл



«Дағуа» балабақшасы
№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Мамыр 2025 ж

Қатысқандар: 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау.
2. Қорытынды мониторинг есебі.
3. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру

Тыңдалды:

Балабақша ментерушісі сөз алып өткен №4 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуымен таныстырды. Ол педкеңесте қабылданған жобалау қызметінің маңыздылығын және ата – аналардың қатысу деңгейін көрсетті. Ата – аналарды топтық және тақырыптық жобалар «Менің отбасым», «Табиғатты қорғаймыз», «Қолөнер шеберханасы» жобалау жұмыстарымен жұмыс жасап жатқанын айтты.

Тыңдалды:

Балабақша тәрбиешісі А.Усербаева қорытынды мониторинг қорытындысымен таныстырды. Балағардың «тіл дамыту және шығармашылық салаларындағы көрсеткіштер жоғары. Сөздік қорлары байыған, сурет салу, ғ.м.с.індеу дағдылары жақсы дамыған. «Таным» саласында кейбір балағарды логикалық ойлау және кеңістікті бағдарлау дағдылары әлі де қосымша жұмысты қажет етеді, деді Усербаева А.

Сөз алды:

«Болашақ» тобының тәрбиешісі А.Алгисва сөз алып, топтағы балағардың оқу жылының оортасындағы аралық мониторингпен салыстырғанда балағарда он динамика байқалады, деді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша ментеруші «Жазғы сауықтыру кезеңнің жоспарын» таныстырды. Жаз мезгілінде балағардың өмірі мен денсаулығын қорғау, таза ауадағы ойындар мен шынықтыру шаралары, күн тәртібінің өзгеруі туралы нақты айтылды.

Қаулы:

1. Балабақшаның педагогикалық кеңесінде қабылданған жобалау қызметтеріне ата – аналарды тарту жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2024 – 2025 оқу жылындағы қорытынды бақылау нәтижелері мен есептері қанағаттанарлық деп танылсын..
3. «Жазғы сауықтыру кезеңнің» жұмыс жоспары негізге алып, 1 – маусымнан бастап жұмыс күн тәртібі жазғы режимге көшірілсін.

Төрайым **Жақсұпова Г.З.**
Хатшы **А.Б.**



